

## Windows-қа Anaconda орнату.

Қадам-қадаммен орындайтын боламыз.


1. [Осы сілтемеден](#) Anaconda орнату бағдарламасын жүктеп алыңыз.
2. **Ұсынылады:** мәлімет тұтастығын SHA-256 арқылы тексеріңіз.
3. Орнату бағдарламасының үстінен екі рет ЛКМ (левая кнопка мыши) арқылы басыңыз.

**Ескерту.** Егер орнату кезінде ақаулар шығып жатса, онда компьютердегі антивирусты өшіріп, орнату біткен соң қайтадан қосыңыз.

4. “Далее” (“Next”) батырмасын басыңыз.
5. Лицензиялық келісімді оқып, “Согласен” (“I agree”) батырмасын басыңыз.
6. Егер сіз бағдарламаны барлық қолданушылар үшін орнатып жатпасаңыз, онда “Только я” (“Just me”) батырмасын таңдап, “Далее” (“Next”) батырмасын басыңыз.
7. Anaconda бағдарламасы орнатылатын папканы таңдап, “Далее” (“Next”) батырмасын басыңыз.


**Ескерту-1.** Anaconda бағдарламасын, атында бос орындар мен кириллица жоқ папкаларға орнатыңыз.

**Ескерту-2.** Егер Администратор құқығы сұратылмаса, ондай қылып орнатпаңыз.




8. Anaconda-ны PATH-қа қосу керектігін таңдаңыз. PATH-қа қоспау ұсынылады. Себебі бұл басқа бағдарламалардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Оның орнына Anaconda-ны Windows-та Anaconda Navigator

немесе Anaconda Prompt көмегімен ашқан абзал болады.




9. Anaconda-ны әдетгі Python-шешім ретінде тіркеу керектігін таңдаңыз. Егер бір компьютерде Python-ның бірнеше түрін және Anaconda-ның бірнеше түрін орнатпау жоспарланса, барлығын әдетті түрде, жалауды белгіленген түрінде қалдырған жөн.
10. “Установить” (“Install”) батырмасын басыңыз. Жүктелу кезінде “Посмотреть детали” (“Show details”) батырмасы көмегімен, Anaconda қандай пакеттерді орнатып жатқанын көруге болады.
11. “Далее” (“Next”) батырмасын басыңыз.
12. Таңдау бойынша [PyCharm](#) бағдарламасын орнатып алуға болады. Anaconda- PyCharm-сыз орнату үшін “Далее” (“Next”) батырмасын басыңыз.

13. Орнату аяқталған соң, келесідей диалогты бет ашылады:



14. Екі жалауды алып тастаған жөн. “Finish” батырмасын басып, орнатуды аяқтаймыз.

15. Орнату аяқталғаннан соң, Windows-тан жаңа папка пайда болғанын байқаймыз.




16. Бұл жерде жұмыс жасау үшін Jupyter Notebook жеткілікті. Соны басайық:

```
Jupyter Notebook (Anaconda3)
[W 2022-04-25 23:30:08.089 LabApp] 'notebook_dir' has moved from NotebookApp to ServerApp. This config will be passed to
ServerApp. Be sure to update your config before our next release.
[W 2022-04-25 23:30:08.089 LabApp] 'notebook_dir' has moved from NotebookApp to ServerApp. This config will be passed to
ServerApp. Be sure to update your config before our next release.
[I 2022-04-25 23:30:08.099 LabApp] JupyterLab extension loaded from C:\ProgramData\Anaconda3\lib\site-packages\jupyterlab
[I 2022-04-25 23:30:08.100 LabApp] JupyterLab application directory is C:\ProgramData\Anaconda3\share\jupyter\lab
[I 23:30:08.106 NotebookApp] Serving notebooks from local directory: C:\Users\MyrzatayEldar
[I 23:30:08.106 NotebookApp] Jupyter Notebook 6.3.0 is running at:
[I 23:30:08.106 NotebookApp] http://localhost:8888/?token=77598b123f7c3d36ac5fab324b80bdfbeb07b485790a1d30
[I 23:30:08.106 NotebookApp] or http://127.0.0.1:8888/?token=77598b123f7c3d36ac5fab324b80bdfbeb07b485790a1d30
[I 23:30:08.106 NotebookApp] Use Control-C to stop this server and shut down all kernels (twice to skip confirmation).
[C 23:30:08.158 NotebookApp]

To access the notebook, open this file in a browser:
file:///C:/Users/MyrzatayEldar/AppData/Roaming/jupyter/runtime/nbserver-13616-open.html
Or copy and paste one of these URLs:
http://localhost:8888/?token=77598b123f7c3d36ac5fab324b80bdfbeb07b485790a1d30
or http://127.0.0.1:8888/?token=77598b123f7c3d36ac5fab324b80bdfbeb07b485790a1d30
```


Басқаннан соң, келесідей бет ашылады. Бұл бетте біз Anaconda сәтгі орнатылғанын және код жазуды бастап кетуге болатынын көреміз. Төменгі жағында берілген екі url адрес арқылы веб-браузерде (Google Chrome, Opera, Firefox) өтіп, сол бетті ашайық.

17.



Бұл біздің дискімізде сақталып тұрған файлдар, және осы жерде біз Python файлымызды жариялап, код жаза берсек болады.

18. Парақшаның оң бетінде “New” батырмасы көмегімен жаңа файл ашайық:



Батырманы басқаннан кейін, осындай меню пайда болады. Python 3-ті таңдаймыз.

19. Python 3-ті таңдаған соң, жаңа бетте жаңа Untitled файлы ашылады, осы жерге кодты жаза беруімізге болады.

**Ескерту. Бағдарлама жазылып болғаннан кейін міндетті түрде сақтаңыз (File->Save as).**